

2 дәріс.

Іс-әрекет түсінігі. Іс-әрекеттің негізгі түрлері  
және дамуы.

## Жоспар:

1. Психологиядағы іс-әрекет ұғымы
2. Іс-әрекеттің құрылымы
3. Іс-әрекеттің түрлері
4. Іс-әрекет теориясы.

Іс-әрекет – адамның қоршаған ортаға деген белсенді қатынасының бір формасы немесе қоршаған орта мен субъектінің өзара қатынасының динамикалық жүйесі.

Іс-әрекет – адамның әлеуметтік ортада мақсатқа бағытталған белсенділігі.

Тірі материяның өлі материядан, жоғары формалардың төмен формалардан айырмашылығы – белсенділікте. Адамның белсенділігі өте көп қырлы.

А.Н. Леонтьев: «Бала психикасы дамуының тікелей анықталуы - ішкі және сыртқы іс-әрекетінің дамуы». Сондықтан іс-әрекет, А.Н. Леонтьев бойынша, өмір бірлігі болып саналады.

С.Л. Рубинштейн 1933 жылы сана мен іс-әрекетті алғаш байланыстырды, сана мен іс-әрекет бірлігінің принципін біріктіріп: психикалық бейнеленуі, сана іс-әрекеттің белсенділігімен байланысты, одан шығады, сонда тіршілік етеді, онымен анықталады. Осы принципке сәйкес, сана іс-әрекеттен туындайды.

**Іс-әрекеттің құрылымы:** А.Н. Леонтьев анықтаған іс-әрекеттің құрылымын былайша көрсетуге болады:

Қ  
(қажеттілік)

Т (түрткі)

І-Ә (іс-әрекет)

**Қажеттіліктер** – ағзаның бір нәрсеге керекті кескінін ұсынатын және іс-әрекетке талаптанатын субъективті құбылыс болып табылады. Барлық қажеттіліктерді екі негізгі топқа бөлуге болады:

- биологиялық (виталды)
- ақпараттық (әлеуметтік қажеттіліктер негізіне жататын)

**Биологиялық** қажеттіліктер бұл организмнің өмірлік қажеттіліктері, адам денесінің қалыпты функционалдығына барлық алғашқы қажеттіліктер, денсаулық, физикалық даму, табиғатпен қарым-қатнас, тамақтану қажеттіліктері. Егер адам немесе жануарлар осы қажеттіліктердің әсерінен әрекеттенсе, онда олардың белсенділіктері шектеулі болар еді.

**Ақпараттық** қажеттіліктер танымдық және әлеуметтікке жататын, биологиялық қажеттіліктерге қарағанда толық болып табылады.

Адам өзінде қандай қажеттілік туындағанын саналы түрде түсінсе, сонда ғана түрткі (мотив) пайда болады.

Іс-әрекеттің қоздырушы себептеріне *мотив* жатады.

Мотив – субъекттің белсенділігі мен іс-әрекеттің бағыттылығын анықтайтын сыртқы және ішкі шарттардың жиынтығы. Мотив, іс-әрекетке шақыра отырып, оның бағыттылығын, яғни оның *мақсаты* мен *міндеттерін* анықтайды.

Мақсат – адам іс-әрекеті бағытталған нәтиженің саналы бейнесі. Зат, құбылыс немесе белгілі әрекет мақсат бола алады. Міндет – белгілі жағдайда берілген (мысалы, күрделі мәселеде) іс-әрекет мақсаты. Кез-келген міндет әрдайым мыналарды қамтиды: талап, көзделген мақсат, жағдай, яғни міндеттің белгілі компоненті. Міндет нақты көзделген мақсат болуы мүмкін. Бірақ іс-әрекеттің күрделі түрлерінде көбінесе міндеттер жеке мақсат ретінде айқындалады. Жеке мақсатсыз басты мақсатқа жетуге болмайды. Мысалы, белгілі маман иесі болу үшін әуелі адам сол мамандықтың теоретикалық аспектілерін оқуы керек, яғни белгілі оқу мәселелерін шешіп, содан кейін осы білімдерін практика жүзінде іске асыру керек.

- **А.Маслоудың ұсынған қажеттіліктің иерархиялық пирамидасы**





- Адамның онтогенез барысында дамуы іс-әрекеттердің негізгі үш түрімен шектеледі.

1. Ойын;

2. Оқу;

3. Еңбек.

Ойын – адам іс-әрекетінің ерекше түрі. Ойынның нәтижесінде материалдық немесе идеалдық өнім шығару көзделмейді. Көбінесе ойын сауық, бәсеңдік, демалу мақсатын көздейді.

Ойынның бірнеше түрлері бар: индивидуалды, топтық, заттық, сюжеттік, рөлдік және ережесі бар ойындар.

Сонымен қатар ойынның араласқан түрлері де болады: заттық-рөлдік, сюжеттік-рөлдік, ережесі бар сюжеттік ойындар, т.б. Дегенмен, ойынның адам өмірінде маңызы зор. Балалар үшін ойын даму сипатымен ерешеленеді. Ойын балалардың жетекші іс-әрекет болып табылады.

*Іс-әрекет психологиясы* – кеңестік дәуірде психология ғылымының дамуында үлкен рөл атқарған психология саласы. Бұл теорияның пайда болуы мен дамуы Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, А.Р.Лурия, А.В.Запорожец, П.Я. Гальперин және басқалардың есімдерімен байланысты.

Іс-әрекет пен еңбек адам санасының қалыптасуы мен психикасының дамуында маңызды рөл атқарады. Адамның психикалық феноменінің танылуында іс-әрекет зор маңызға ие. Себебі адам жайлы, яғни оның тұлғасының ерекшеліктері жайлы сөз болғанда, негізінен, оның жасаған істерінің нәтижесіне қарай нәтиже шығарамыз.

## **Бақылау сұрақтары:**

1. Ішкі және сыртқы психикалық іс-әрекет қалай қатынасады?
2. Адам іс-әрекетінің динамикасы мен құрылымы қандай?
3. Танымдық процестің дамуы іс-әрекетпен қалай байланысады?
4. Іс-әрекет құрылымын тұрақты, анықталатын, не өзгермелі екенін талдаңыз?

# ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

## Негізгі

1. Гиппенрейтер Ю.Б. Введение в общую психологию.- М., 2009.
2. Жақыпов С.М. Жалпы психология негіздері: дәрістер курсы. - Алматы, 2008.- 159.
3. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе. – Алматы, 2013.
4. Жарықбаев, Қ. Жантануға кіріспе. - Алматы: "ИНФОРМ - АРНА", 2009.- 187.